

FTAMP 17.07.21

**М.Д. Бекбергенова** (orcid-0009-0006-8875-457X)

*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты,  
Нөкіс қ., Қарақалпақстан Республикасы  
e-mail: [bekbergenova53@mail.ru](mailto:bekbergenova53@mail.ru)*

## **XX ҒАСЫР ҚАРАҚАЛПАҚ ПРОЗАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

<https://doi.org/10.55956/EEND6360>

**Аңдатпа.** Мақалада XX ғасыр қарақалпақ прозасының зерттелу мәселелері талданған. Қарақалпақ романдарының типологиясы мәселелері үйренілген. Көркем образдарды пайда етудегі жазушының шеберлігі мәселелері талданған.

**Тірек сөздер:** роман, образ, сюжет, шеберлік, эпос, дәстүр, әдеби байланыстар, типология.

**Кіріспе.** Эпос (грекше- батырлық жайында сөз)-деген мағынаны білдіреді. Қарақалпақ батырлық дастандары «Алпамыс», «Қырық қыз», «Едіге», «Қоблан» т.б. эпикалық жанрдың шығу тегі болып табылады.

Эпикалық жанрдың түрлеріне миф, аңыз ертегі, толғаут.б. формада кіреді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Мақсетов қарақалпақ халық ауыз әдебиетінде өз алдына бір түр болған толғауларды эпикалық сипатқа ие екендігін көрсетіп, «Қарақалпақ халқының көркем ауыз әдебиетінің түрі толғау-бұл халқымыздың өткендегі үлкен бір тарихиоқиғасына арналған, белгілі бір сюжетке құрылған, қобызда өз алдына толғау ырғағымен айтылатын, үлкен көлемді поэзиялық туынды», - деп көрсеткен [1,219].

Тарихи жырлар, толғаулар, шежіре қарақалпақ дастандарының қалыптасуында белгілі қызмет атқарған. Қарақалпақ әдебиеті тарихында Жиен жыраудың «Босқан ел», Әжінияздың «Бозатау», Бердақтың тарихи шығармалары ұлттық дәстүрлі формадағы тарихи жырлар негізінде қалыптасқан.

Сондай-ақ баллада, поэма, эпикалық жанрдың түрлері болып есептеледі. М.Дәрібаевтың «Айпара», «Шегарада», Ж.Аймұрзаевтың «Күрес», «Жұмагүл» поэмалары, А.Дабыловтың «Бахадыр», С.Нұрымбетовтың «Ханаластар», Т.Жұмамұратовтың «Макарья сұлу» дастандары да эпикалық жанрдың қалыптасуына және дамуындағы бір басқышы болып табылады.

**Зерттеу шарттары және тәсілдері.** XX ғасыр қарақалпақ прозасының тарихи қалыптасу жолдарын зерттеу бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі. Қарақалпақ проза жанры, оның кіші және ірі түрлерінің даму тарихын академик М.К.Нұрмұхаммедов «Қарақалпақ прозасының даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады, Ж.Нарымбетов «Қарақалпақ романы: оның қалыптасуы және дамуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, Ә.Қожықбаев «Қарақалпақ романында конфликт

және қаһарман» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, С.Бахадырова «Қазіргі қарақалпақ әңгімелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, К.Камалов «Қарақалпақ повесі: жанрдың эволюциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, Қ.Сұлтанов «Қазіргі прозаның даму бағдардары» деген тақырыпта докторлық диссертация жұмыстарын қорғаған. Бұдан басқа да қарақалпақ эпикалық жанрының мәселелері бойынша А.Насруллаев, К.Мәмбетов, С.Ахметов, Т.Мәмбетниязов, К.Алламбергенов, П.Нұржанов т.б. ғылыми монография және мақалаларын баспадан шығарған.

Одардан М.К.Нұрмұхамедов қарақалпақ халқының тарихын, мәдениетін, тілін және әдебиетін терең және әр түрлі аспектілерде зерттеп үйренді. Оның көптеген ғылыми кітаптары, мақалалары және еңбектері белгілі. Солардың ішінде «Қарақалпақ әдебиетінің дамуына орыс әдебиетінің әсері», «Қарақалпақ прозасы», «Краткий очерк истории каракалпакской литературы», «Соғысқа дейінгі қарақалпақ прозасы», «Қаракалпакской проза периода Великой Отечественной войны», «Қазіргі заман қарақалпақ прозасы», «Қаракалпакская советская проза», «О зарождении письменной литературы у полуоседлых у кочевых тюркоязычных народов Средней Азии и Казахстана», «Из истории русско-каракалпакских культурных связей», «Литературная наука идеологическая борьба», «Қаракалпакская поэзия», «Бердах – великий поэт каракалпакского народа», «Бердах-основоположник каракалпакской литературы», «Пушкин-Оренбург и оренбурцы», «Пушкиннің ертегілері және Орта Азия халықтарының фольклоры» т.б. ғылыми еңбектерін атап көрсетуге болады.

Әсіресе, қарақалпақ ұлттық прозасын зерттеу бойынша жасалған жұмыстары қазіргі уақытта айрықша маңызға ие. XX ғасыр қарақалпақ әдебиетінде негізгі жанрлардан болған қарақалпақ прозасы 20-жылдардың екінші жартысынан бастап пайда болады. Сол 50-60-жылдарға дейін қарақалпақ прозасы тарихы бойынша арнаулы түрде ғылыми жұмыстар болмады. Академик М.К.Нұрмұхамедов өзінің докторлық диссертация жұмысын қарақалпақ прозасының даму тарихына арнады және бұл ғылыми жұмыс қарақалпақ әдебиеттану ғылымындағы жаңалық болды, екіншіден М.К.Нұрмұхамедовтың қарақалпақ ұлттық прозасын бірінші болып зерттеумен бірге қарақалпақ прозаик жазушыларының барлық шығармаларына бірінші фельетон және очерктерден бастап, одан кейін әңгіме, повесть, романдардың мазмұны, тақырыбы, идеясы, қаһармандары, образдардың көркемдігі жетістіктері және кемшіліктері, бұларға баспасөз беттерінде берілген бағалар, рецензиялар, мақалалар, одардың дұрыстығы және бұрыстығы барлығына тоқтап өтіп, терең талдап жазушының жеке шығармасы және оның жалпы шығармашылығына теориялық қорытынды шығарып сипаттама береді [2]. Бұл ғылыми еңбекте XX ғасыр қарақалпақ прозасы XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап 60-жылдардың екіншіжартысына дейінгі дәуірді өз ішіне қамтыған.

Зерттеу нәтижелері.

Қарақалпақ прозасының алғашқытүрлері болған фельетон, очерк, әңгімелер, одардың тематикасы, мазмұны терең талданған.

Ғылыми нәтижелерді талқылау.

Н.Дәукараевтың «Көп күндердің бірі» әңгімесі, А.Бегимовтың «Алғашқы қадам», «Өлім тырнағына» әңгімелері, С.Мажитовтың, Д.Назбергеновтың, Ж.Аймурзаевтың, К.Айымбетовтың, М.Дәрібаевтың, Х.Сейтовтың, Ә.Шамұратовтың алғашқы прозалық шығармалары туралы сөз етілген. М.К.Нұрмұхамедов әңгіме қарақалпақ әдебиетіндегі проза жанрының

алғашқы түрі екендігін атап өткен. «Қызыл мұғалім» қолжазба журналындағы бірінші әңгімелер «Әңгіме» деп аталған [2].

«Әңгіме» деп әңгімелердің аталуының өзі прозаның деректері ұлттық фольклормен байланысты екендігін білдіреді. Себебі әңгімелер халық ауыз прозасының үлгісі болған. Ғалым алғашқы қарақалпақ повестеріне де тоқтап, М.Дәрібаевтың «Мыңдардың бірі», Ә.Шамұратовтың «Ескі мектепте», Қ.Ермановтың «Балықшылар», Ж.Аймұрзаевтың «Қуат», повестерін терең зерттеп, олардың қарақалпақ ұлттық прозасының даму тарихында орнын ашып берген [2].

Екінші дүние жүзілік соғысы дәуіріндегі қарақалпақ прозасы, соғыстан соңғы дәуірде қарақалпақ прозасы, 50-жылдардың орталарынан бастап 60-жылдардың екінші жартысына дейінгі қарақалпақ прозасының даму бағдарларын талдаған.

Ф.ғ.к. Ж.Нарымбетовтың «Қарақалпақский роман» еңбегінде қарақалпақ прозасының деректері, романның қалыптасу жолдары ХХ ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысындағы және 60-жылдардағы пайда болған қарақалпақ романдары жайында сөз етіледі. ХХ ғасырдың 50-60-жылдарындағы роман қарақалпақ әдебиетінің жетекші жанрына айналғанын атап көрсетеді [3].

Сонымен бірге осы кітабында Ж.Нарымбетов қарақалпақ фольклорындағы Арық-Мерген, Өмірбек-лаққы, Жиренше шешен және т.б. образдардың жазба әдебиеттегі қаһармандар образын жаратудағы тәжірибе қызметін атқарғандығын белгілеген [3].

Ж.Нарымбетовтың «Қарақалпақский роман» монографиясында А.Бегимовтың «Балықшының қызы», Ж.Аймұрзаевтың «Әмудәрия бойында», Т.Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ қызы» романдарымен бірге қарақалпақ прозасында роман формасының жетісіп дамуында белгілі дәрежеде үлес қосқан И.Юсуповтың «Сейдан шалдың кеуіші» әңгімесін, М.Дәрібаевтың «Мыңдардың бірі», Ә.Шамұратовтың «Ескі мектепте», Ж.Аймұрзаевтың «Қуат» повестерінің, және т.б. қарақалпақ прозасында осы дәуірде белгілі болған шығармалардың барлығын атап көрсетіп, қарақалпақ романының тарихи қалыптасу жолын ашып көрсетеді.

Академик М.К.Нұрмұхамедовтың зерттеуінде де, ф.ғ.к. Ж.Нарымбетовтың осы аты аталған еңбегінде де ұлттық дәстүрлермен бірге сырттан келген ұлттық тәжірибелердің маңызы жайында айтылады.

Сондай-ақ Қ.Жәрімбетовтың «ХІХ әсир қарақалпақ лирикасының жанрлық қасиеттері және рауажланыу тарихы» [4] және Ә.Пахратдинов, Қ.Алламбергенов, М. Бекбергенованың «ХХ әсир қарақалпақ әдебиаты тарихы» [5] шығармалары бар.

Ұлттық әдебиеттердің байланысы деген сөз бұл халықтардың достығы деген мағынаны білдіреді. Адамзаттың, дүниенің қалыптасуынан бастапқы халықтар арасында қарым-қатынастар болған, бейбіт өмірді арман еткен, оны іске асыруда сауда-сатық жолдары және мәдениет байланыстары қызмет еткен.

Бұрынғы Кеңес дәуірінде ХХ ғасырдағы бұл қарақалпақ әдебиетінің кеңен жайып өркен деген дәуірі.

ХХ ғасырдың бірінші жартысына келгенде қарақалпақ әдебиетінде проза бірінші жоспарға шықты. 50-жылдардың орталарында А.Бегимовтың «Балықшының қызы», Ж.Аймұрзаевтың «Әмудәрия бойында», Ә.Айжановтың «Арал құшағында» романдары жарық көрді. Х.Сейтовтың «Машақатты бақыт» романы, А.Бегимовтың «Ауыр тағдырды жөнүшілер»,

Б.Бекниязованың «Мәңгі күн», Ермановтың «Балықшылар қыссасы» повестері пайда болды.

Романның пайда болуы бұл ұлттық көркем ойлаудың жетіскендіктерінің жаңа басқышы еді. Прозаның тематикасы кеңейді. Проза өмір шындығының көп мәселелерін суреттейді. Прозада қаһармандар образының түрлері көбейді.

60-жылдары Т.Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ қызы», К.Сұлтановтың «Ақ дәрия», «Әжінияз», А.Бекімбетовтың «Ғажайып әулеттер», С.Арыслановтың «Қоңырат» т.б. романдары Ж.Аймұрзаевтың «Жетімнің жүрегі», Т.Қайыпбергеновтың «Суық тамшы», Ө.Хожаниязовтың «Айдана», О.Бекбауловтың «Тарас Аралда», И.Құрбанбаевтың «Бірауыз сөз», С.Салиевтің «Керуен мәнзілдік өздейді», т.б. прозалық шығармадар пайда болды.

XX ғасырдың 60-жылдары қарақалпақ әдебиеті тарихында өзара әдеби байланыстар өркендеп отырды. Атап айтқанда қарақалпақ әдебиеті және көркем өнерінің онкүндігі Өзбекстанда, Хорезмде, Түркменстанда, Азербайжанда, Россияда, Татарстанда, Башқұртстанда және қазақ, түркмен, латыш, литов, беларус халықтарының әдебиетінің және мәдениетінің апталықтары болып өтеді. Бұл туралы мәліметтер республикалық баспа сөзде, газета және журналдарда жарияланып барды.

Қазіргі тәуелсіздік дәуірінде ұлттық әдебиеттердің өзара қатынастары халықтардың достығына және татулығына, экономикалық жақтан бірлесіп дамуына өз қызметін етеді. Әдеби байланыстар деген термин бұл ұлттық әдебиеттердің бірі-бірімен жақын танысып қатынасу процесі. Бұл құбылыстың іске асуы жазушылардың бірі-бірімен жақыннан танысуы, шығармаларын оқуы арқылы, сол шығармалардан әсерлену арқылы болып өтеді. Осы әдеби байланыстар процесінде жаңа әдеби дәстүрлер, жаңа әдеби формадар, шығармадар, образдар келіп шығуы мүмкін.

Әдебиеттануда әдеби дәстүр-әдебиеттердің өзара байланысы, өзара әрекет етуі машкаласының бір бөлегі ретінде есептеледі. Ал мұралылық проблемасы көркем әдебиеттің барлық өмір сүрген дәуірлерінде бірге жасап келе жатқан, өмір сүруі тиіс құбылыс болып табылады. Көркем аударма болса осы дәстүрмен мұралылықтың басқа халықтар әдебиетінде жаңа қырларымен көрініс табуының, сондай-ақ әдебиеттердің бір-бірін көркем тәжірибелерімен байып толысуына себепші болатын көркем шығармашылықтың бір формасы. Әдеби дәстүр дегенде көркем өнер тәжірибесін екінші бір халықтың әдебиетіне өткізіп жіберетін ықпалдарды түсінбейміз. Ғалымдардың пікірі бойынша әдеби дәстүр бұл әдеби көркем тәжірибелердің синтезінен келіп шығуы.

Қарақалпақ әдебиетінің даму тарихы әртүрлі әдеби дәстүрлердің болғандығын көрсетеді. Бұл әдебиет өз қалыптасуында фольклор дәстүрлеріне, ерте дәуірлердегі және одан кейінгі XVIII-XIX ғасырлардағы ақындар шығармашылығына, басқа ұлттық әдебиеттер тәжірибесіне сүйенеді. Бірақ бұл ұлттық дәстүр және тәжірибелер әдебиеттің бұдан былай да дамып, бүкіл дүние жүзі әдебиеті контекстінде көру үшін қарақалпақ халқының басқа ұлттар мен мәдени-әдеби байланыстары өте маңызды қызмет атқарды. Бұл байланыстар өз кезегінде қарақалпақ әдебиетіне басқа ұлттар әдебиеттерінің прогрессив көркем шығармашылықпен әдеби тәжірибелерін алып кірді.

Бұдан кейінгі жасалған Ә.Қожықбаевтың, С.Бахадырова, К.Камаловтың т.б.ғылыми зерттеуінде эпикалық жанрдың формадары болған әңгіме,

повесть, романдардың белгілі бір басқышта пайда болғаны олардың әдебиет тарихындағы орны жайында сөз етілген.

**Қорытынды.** Қазіргі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, көркем әдебиеттің тарихи даму заңдылықтарын анықтау. Бұл заңдылықтарды анықтау жолдарының бір басқышы әдебиетті типологиялық жақтан зерттеу болып табылады.

Дүние жүзі әдебиеттану ғылымында салыстырмалы-типологиялық зерттеу мәселелері А.Н.Веселовскийдің, В.М.Жирмунскийдің, Н.И.Конрадтың т.б.еңбектерінде үйренілді. Қарақалпақ әдебиеттану ғылымында М.К.Нұрмұхамедов, І.Т.Сағитов, К.Мақсетов ұлттық фольклор және әдебиеттің салыстырмалы зерттеу мәселелеріне өз үлесін қосты.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Мақсетов, Қ. Қарақалпақ халқының көркем ауызеки дәретпелері [Текст]. /Қ.Мақсетов. – Нөкіс: Билим, 1996.- 340 б.
2. Нурмухамедов, М. Каракалпакская советская проза [Текст]. / М.Нурмухамедов. – Ташкент: Фан, 1968. - 310 с.
3. Нарымбетов, Ж. Каракалпакский роман [Текст]. /Ж.Нарымбетов -Ташкент: Фан, 1974. - 128 с.
4. Жәрімбетов, Қ. XIX әсір каракалпақ лирикасының жанрлық қасиеттері және рауажланыу тарихы [Текст]. /Қ.Жәрімбетов.–Нөкіс: Билим, 2004.-260 б.
5. Пахратдинов,Ә., Алламбергенов, К., Бекбергенова, М. XX әсір каракалпақ әдебиаты тарихы [Текст]. / Ә. Пахратдинов, К. Алламбергенов, М.Бекбергенова. –Нөкіс: Қарақалпақстан, 2011.-608 б.

*Мақала редакцияға 20.06.23 түсті.*

**М.Д. Бекбергенова**

*Нукусский государственный педагогический институт имени Ажияназа,  
г. Нукус, Республика Каракалпакстан*

#### ВОПРОСЫ ТИПОЛОГИИ В ИССЛЕДОВАНИИ КАРАКАЛПАКСКОЙ ПРОЗЫ XX ВЕКА

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы изучения каракалпакской прозы XX века. Изучаются вопросы типологии каракалпакского романа. Анализируются проблемы творческого мастерства в создании художественных образов.

**Ключевые слова:** Роман, образ, сюжет, мастерство, эпос, традиция, литературные связи, типология.

**M.D. Bekbergenova**

*Nukus State Pedagogical Institute, Nukus, Republic of Karakalpakstan*

#### TYPOLOGICAL ISSUES OF THE RESEARCH OF KARAKALPAK PROSE OF THE XX CENTURY

**Abstract.** This article discusses the issues of studying Karakalpak prose of the 20th century. The issues of the typology of Karakalpak novel are studied. The problems of creative skills in creating artistic images are analyzed.

**Keywords:** novel, image, plot, skill, epic, tradition, literary relations, typology.

#### References

1. Maqsetov, Q. Qaraqalpaq xalqınıń kórkem awızeki dóretpeleri [Artistic oral creation of the Karakalpak people]. – Nokis: Knowledge, 1996. - 340 p.
2. Nurmuxamedov, M. Karakalpaks kaya sovetskaya proza [Karakalpak Soviet prose]. - Tashkent: Science, 1968. - 310 p.
3. Narımbetov, J. Karakalpakskiy roman [Karakalpak novel]. - Tashkent: Science, 1974. - 128 p.
4. Járımbetov, Q. XIX ásir qaraqalpaq lirikasınıń janrlıq qásiyetleri hám rawajlanıw tariyxı [Genre characteristics and development history of Karakalpak lyrics of the 19th century]. - Nokis: Knowledge, 2004. -260 p.
5. Paxratdinov, Á., Allambergenov, K., Bekbergenova, M. XX ásir qaraqalpaq ádebiyatı tariyxı [History of Karakalpak literature of the 20th century]. – Nokis: Karakalpakstan, 2011. - 608 p.